

САБАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ

КЕЛІСІМ ШАРТ

Басқұдық ауылы

02.09.2025 жылы

Осы келісім шарт Мұнайлы ауданы Басқұдық ауылы «№16 жалпы білім беретін мектеп» КММ және «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы арасында өзара қатынасты анықтау, реттеу мақсатында төмендегі мазмұнда өзара сабақтастық мәселелері бойынша жасалады:

1. Келісім шарттың сипаты:

1.1 Мұнайлы ауданы Басқұдық ауылы «№16 жалпы білім беретін мектеп» КММ және «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы арасында сабақтастық орнату.

2. Тараптардың жауапкершіліктері:

2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша балабақша мен мектепалды тобы және бастауыш сынып арасында өзара сабақтастыққа сай жүргізу.

2.2. Бастауыш сынып мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілері бірлесе, машықтану семинарларын, кіші педкеңестер, басқа да іс-шаралар өткізіп отыру.

2.3 Балаларды диагностикалық зерттеу, мониторинг бақылауларын жүргізіп, мектепке дайындығын тексеріп отыру және мектептегі үлгерімдерін хабардар болу.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

3.1 Жұмыс жоспарына сай жұмыс түрлерінің мазмұнын, көлемін ұсынауға;

3.2 Екі жақтың жұмысын, өткізілетін іс-шараларды бақылап, бірлескен жұмыс жасауға;

3.3 Қажет жағдайда ұйымдастыру жұмыстарына араласуға құқылы;

3.4 Өзіне тиісті жұмыстарды дұрыс және уақытында орындалмағаны үшін жауап береді, қажет болған жағдайда, талап ете алады;

4. Келісім шарттың әрекет ету мерзімі:

4.1 Келісім шарт қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 25 мамырына дейін әрекет етеді.

«Бекітемін»

«№16 жалпы білім беретін мектебі»

КММ-ның директоры

М.Қ. Гаипов

«Бекітемін»

«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Директоры ма

Мақсаты: Балабақша мен мектеп арасындағы тығыз қарым-қатынас орнату. Кішкене бөбектердің білімге деген құштарлығын арттыру. Мектепке дейінгі буын сатысында мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылықтарын сабақтастыра отырып жан-жақты дамыту.

Күнделікті нәтиже: Баланың жеке қабілеті дамиды. Денсаулығы нығаяды, қоршаған ортаны танып біледі, мектепке оқуға дайындық деңгейі қалыптасады.

«№16 жалпы білім беретін мектеп» КММ және «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы арасындағы сабақтастығына арналған біріккен жұмыс жоспары

1. Әдістемелік жұмыс			
1	Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп жұмысындағы сабақтастықты іске асыру жөніндегі жоспарды келісу және бекіту.	Қыркүйек	Әдіскер, МДҰ мен мектептің педагогтері
2	«Балаларды мектепте оқуға дайындау» тақырыбында тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған әдістемелік және педагогикалық әдебиеттердің тақырыптық көрмесін ұйымдастыру. Ұсынылған әдебиеттер тізімін мектепке дейінгі ұйымның виртуалды кеңес беру пунктiнiң бөлiмiне шығару.	Қазан	Тәрбиешілер
3	Мектепке дейінгі топтардың балаларының мектепке дайындығына диагностика жүргізу.	Қаңтар	Педагог-психолог
4	«МДҰ педагогтері мен тәрбиешілерінің балаларды мектепте оқуға дайындау үшін өзара әрекеттесуінің тиімділігі» тақырыбындағы педагогикалық консилиум.	Ақпан	Педагог-психолог, әдіскер
2. Ата-аналармен жұмыс			
1	«Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың жас ерекшеліктері және мектепте оқуға сәтті дайындалу шарттары». «Баланың мектепке дайындығын қамтамасыз етудегі отбасы мен балабақшаның бірыңғай мақсаттары». «Мектепалды топ балаларының білім беру	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер

	бағдарламасын меңгеру нәтижелерін талдау»		
2	Ата-аналарға арналған виртуалды экскурсия – мектептің жұмысымен танысу.	Сәуір	Мектеп әкімшілігі және педагогтері
3	Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес беру.	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог
3.Балалармен жұмыс			
1	Балалардың мектепке экскурсиялары: <ul style="list-style-type: none">● мектеппен танысу;● кітапханамен танысу;● дене тәрбиесі залымен танысу;● асханамен танысу.	Наурыз – сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
2	Мектепалды топ балаларының бастауыш мектеп мерекесіне баруы.	Сәуір	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
3	Балалардың, педагогтердің және ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру: - экологиялық акциялар және практикалық іс-әрекеттер (ағаш отырғызу, аумақты жинау, «Жасыл аула» жобаларына қатысу және т.б.); - отбасымен көркем және танымдық әдебиеттерді оқу және кейіннен талқылау (оқырман мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жобалар шеңберінде);	Жыл бойы	Мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
Мектеппен өзара әрекеттесу жоспары			
	Мектепке дейінгі ұйым мен мектептің өзара іс-қимылының бірлескен жоспарын келісу жөніндегі кеңес:	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
	Мектеп және мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Оқыту мен тәрбиелеудегі сабақтастық: өзара әрекеттесудің тиімді нысандары» дөңгелек үстелі.	Қазан	Меңгеруші, әдіскер, мектепалды топ тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері
	Баланы мектепке дайындау және оны бірінші сыныпта бейімдеу кезеңінде отбасының эмоционалды жағдайын анықтау мақсатында ата-аналардан сауалнама алу.	Ақпан	Тәрбиешілер
	Бағдарламаның негізгі бөлімдері бойынша мектепалды топ балаларына диагностика жүргізу нәтижелерін талдау және педагогтермен бірлесіп талқылау.	Сәуір – мамыр	Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер